



# АЛМАТАУ арайы



Газет тарихы 1918 жылдың маусым айынан басталады



Alatau\_araiy@mail.ru  
www.alatauaraiy.kz



АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ЭЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ



№18 (467) // 17 ақпан // сейсенбі // 2026 жыл

## ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

# ҚОНАЕВТЫҢ ДАМУЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Суретті түсірген – Аслан ҚАЖЕКЕ

**Облыс әкімі Марат Сұлтангазиевтің төрағалығымен Қонаев қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспарында көрсетілген іс-шаралардың орындалуы бойынша кеңес отырысы өтті. Оның Қонаев аумағында жүзеге асырылып жатқан жобалардың орындалу барысы сараланды.**

### Гүлзат БАЙҚОНЫС

Алдыңғы Қонаев қаласының әкімі Асхат Бердіханов соңғы үш жылдағы шаһар дамуының негізгі бағыттары, қол жеткізілген нәтижелер, экономикалық өсім, инвестициялық жобалар, туризм, құрылыс, архитектура салалары бойынша баяндама жасады.

– 2026 жылы бюджетте түсуі тиіс жалпы кіріс көлемі 172,9 млрд теңге деп жоспарланған. Оның 111,6 млрд теңгесі республикалық бюджетке, ал 61,3 млрд-ы жергілікті бюджетке бағытталады. 2022-2025 жылдар аралығында Қонаев қаласында 12 инвестициялық жоба іске асырылды. Жалпы құны – 46,3 млрд теңге. 350-ден астам жаңа жұмыс орны құрылды. Осы жылы қаржы көлемі 5,1 млрд теңге болатын, 190 жұмыс орнын ашатын 4 инвестициялық жобаны аяқтау жоспарланған отыр. Биыл № 6-7 жағажайлар мен демалыс аймақтарын реконструкциялау үшін 2,3 млрд теңге

көлемінде бюджет қаражаты қажет. Ал «Көшпенділер қаласындағы» бизнес нысандарын электрмен қамту үшін жобалық-сметалық құжаттамаға түзету енгізу керек. Осы мақсатқа биыл 350 млн теңге бөлуі сұраймыз. Сонымен қатар сумен қамту мәселесін шешу үшін құны 40 млн теңге болатын блокты-модульді қондырғы сатып алу міндеті тұр. Бұдан бөлек, «Көшпенділер қаласы» мен «Таңбалы тас» туристік нысандарын байланыстыратын Іле өзені арқылы ұзындығы 300 метр жаяу жүргіншілер көпірін салу жобасы әзірленуде. Сондай-ақ «Қонаев – Баканас» тасжолын «Таңбалы тасқа» дейін 8,2 шақырым автомобиль жолын салу жоспарланған, – деген Асхат Ермеқұлы әрі қарай тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және инфрақұрылым саласындағы жұмыстар жайын сөз етті.

Энергиямен қамту бойынша Қонаев пен Алатау қалаларының дамуына серпін беретін тораптық қосалқы стансаның бірі – «Арна». Жобаның жалпы құны – 33,2 млрд теңге. Биыл оған бюджеттен 3,7 млрд теңге бөлінген. Сонымен қатар мемлекеттік қордан қосымша 12 млрд теңге бөлуге өтінім берілген. Бұдан өзге Жаңа Іле аумағында және 10-шағын ауданда тағы төрт қосалқы станса салу жоспарланған. Қалада газбен қамту орташа қарқынмен дамып келеді. Жоба «Спутник», «Рауан», «Арна», «12А», «12Б», «19», «20» шағынаудандарын қамтиды,

сондай-ақ Шенгелді ауылдық округі мен саяжай массивтері үшін желілер жобалануда. Алайда тұрғындар мен кәсіпкерлер тарапынан газ желілерін қосу, инвестициялық бағдарламаға сәйкес дамыту және қызмет көрсетуге қатысты шағымдар түскені айтылды.

Соңғы үш жылда құрылыс жұмыстарының көлемі 35,9 млрд теңгені құраған, пайдалануға берілген аумақ – 94 474 шаршы метр. Әлеуметтік осал топтар үшін 456 пәтер сатып алынып, оған 10,3 млрд теңге бөлінген.

Жиын барысында облыс әкімінің бірінші орынбасары Қанат Есболатов Қонаев қаласын дамытудың кешенді жоспары мен инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуы туралы айтты.

– 2023 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен Қонаев қаласының 2023-2027 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспары бекітіліп, 187 іс-шараны іске асыру көзделген. 2026 жылдан бастап кешенді жоспардың күші жойылып, іс-шаралар облыстың даму жоспары деңгейіне ауыстырылды. Оған 150 өзекті іс-шара енгізілді. 18-і жеке инвестиция есебінен іске асырылады. Қазіргі уақытта 29 жоба бойынша мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды, 61 жоба сараптамадан өтуде, 30 жоба әзірлеу сатысында. Осылайша, барлық жоба толық қамтылған, – деді Қанат Болатұлы.

(Соңы 2-бетте) ➔

## ТАҒАЙЫНДАУ

Алматы облысы әкімінің өкімімен Алматы облысы әкімі баспасөз қызметінің басшысы – баспасөз хатшысы болып Диас Ермеқұлы Нұрақын тағайындалды.

Диас Ермеқұлы 1987 жылы Алматы облысы Кеген ауданында дүниеге келген. 2004-2008 жылдары Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетін тәмамдаған. 2008-2010 жылдары Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті экономика факультетінде білім алған.



Еңбек жолын 2006-2007 жылдары мемлекетаралық «МИР» телеарнасында аудармашы-редактор болып бастаған. 2007-2008 жылдары «КТК» телеарнасында «Репортер», «Алан жұрт» бағдарламаларында редактор қызметін атқарды. 2008-2009 жылдары республикалық «Жас қазақ» газетінде арнаулы тілші болды. 2009-2015 жылдары «Жетінші арнаның» жаңалықтар қызметінде тілші болып еңбек етті. 2015-2016 жылдары «КТК» телеарнасы жаңалықтарының тілшісі, «Аптап» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасының шығарушы-редакторы қызметтерін атқарды. 2016 жылдан бастап «КТК» телеарнасы жаңалықтар қызметінің аймақтардағы қосынының редакторы болып жұмыс істеді.

Бұқаралық ақпарат құралдары саласы бойынша Президент грантының иегері.

## ҮНҚОСУ

### Елдіктің белгісі

**Ата Заңға өзгеріс енгізу – заман талабы. Алайда заңды арқалап жүретін де, оны қастерлейтін де – адам. Мен, жасы сексенді алқымдаған ауыл қариясы ретінде, жаңа Конституция жобасына қатысты өз ойымды ортаға салғанды жөн көрдім.**

*Заң – елдіктің іргетасы. Референдум өткізу – бұл жай ғана саяси науқан емес. Бұл – халықтың өз тағдырын өз қолына алуына берілген үлкен мүмкіндік. Жарияланған жаңа жобаны мұқият оқып шықтық. Ондағы биліктің халыққа жақын болуы, жер мен оның қойнауының иесі – халық екендігі туралы тармақтар көңілге қуаныш ұялатады. Біз, ақсақалдар қауымы, әділдіктің орнағанын, мемлекет пен бұқара арасындағы сенімнің нығайғанын қалаймыз. Мен бұл өзгерістерді ел ертеңіне жасалған нық қадам деп білемін және оған бейжай қарауға болмайтынын айтқым келеді. Ұрпақ тәрбиесі – ұлттың қауіпсіздігі. Десе де, «Заң қайда болса, сонда әділдік бар» дейміз. Бірақ сол әділдікті орнататын – саналы ұрпақ. Бүгінгі таңда бізді толғандыратын басты мәселе – жастардың тәрбиесі.*

*Технология дамыған, заман озып бара жатқан тұста ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып қалмауы керек. Тіл – ұлттың жаны. Егер ұрпағымыз өз тілінде сөйлемесе, ешқандай заң бізді ұлт ретінде сақтап қала алмайды. Салт-дәстүр – қорғанымыз. Үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету, ағайын арасының бүтіндігі – біздің темірқазығымыз. Қазіргі жастардың білімі зор, көздері ашық. Бірақ білімге қоса жүрекке иман, бойға ұлттық рух керек. Әл-Фараби бабамыз айтқандай, «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы». Біздің елдің жастары білімді болумен қатар ұлттық құндылықтарымызды қастерлейтін азамат болып қалыптасса екен деймін.*

*Бізден кейінгілерге айтар ақсақалдық аманатыма құлақ салыңдар, айналайындар. Біз кеңестік заманмен қоса өтпелі кезеңнің қиындығын да, егемендіктің алғашқы ақ таңын да көрген буынбыз. Сондықтан жастарға айтарым, мемлекет тарапынан жасалып жатқан әрбір жаңашылыққа жауапкершілікпен қараңдар. Референдумда таңдау жасау – бұл сендердің балаларың мен немерелерің тұратын елдің болашағын дауыс беру арқылы бекемдеу деген сөз. Ұлттық құндылығымызды ардақтап, Ата Заңымызды құрметтесек, алынбайтын қамал болмас. Еліміздің іргесі сөгілмесін, аспанымыз ашық болсын!*

**Тұрсынбай БІЛДІБАЕВ,**  
енбек ардагері  
Сарыбастау ауылы,  
Жамбыл ауданы

## ҚЫСТЫҢ КӨЗІ – ҚЫРАУ

**Жылына айналып келіп тұратын төрт мезгілдің өз қызығы, өзіне ғана тән қиындығы болады. Соның ішінде қыс айлары аязмен ерекшеленеді. Жер-Ананың ылғалын арттырып, еркін тыныстауына мүмкіндік беретін, ел ырзыдығы – егістік бітік шығуына ықпал ететін қарды сағына күтетіміз де осыдан. Міне, ақпан айы да мол ылғалымен ерекшеленіп тұр.**

Дегенмен, қар жауғаннан кейін елді-мекендерде жол жүру қиындап, барыс-келіс саябырлайтыны, ал коммуналдық қызмет пен жол мекемелерінде қауырт жұмыс артатыны да түсінікті. Бүгінде Қарасай ауданының автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы – 1439 шақырымды құрайды десек, оның ішінде республикалық маңызы бар 71 шақырым, облыстық 253 және аудандық деңгейдегі 1115 шақырым жол бар.

Республикалық маңызы бар жолдарды қыс кезінде күтіп-ұстауға «Казавтожол» мекемесі тарапынан барлығы 38 дана арнайы техника жұмылдырылды. Мұнымен қатар 450 тонна инертті материал қолданылды, оның 150 тоннасы тұз, 300 тоннасы құм.

Облыстық маңызы бар жолдарды қыс кезінде күтіп-ұстауға ЖШС «Деполь дизайн» мекемесі 23 адам және 11 дана арнайы техника жұмылдырып, барлығы 15 адам қызмет көрсетіп келеді. Осы орайда 300 тонна инертті материал қолданылды. Ал аудандық маңызы бар 150 шақырым жолды күтіп-ұстау жұмысына жауапты «Orser Dor Stroу» мекемесі өзіне жүктелген міндетті атқаруға кірісіп кеткен. Бұл бағытта 40 адам және 16 дана арнайы техника жұмылдырылып, жолдар мен

# ЖОЛ ҚАРДАН ТАЗАРТЫЛДЫ



жаяу жүргінші тротуарларын тазалаумен айналысып келеді. Бүгінде негізгі жолдар қардан аршылып, көшелер мен жүргінші жолдар тазаланды. Бұл мақсатта 6 құрама жол машинасы, 2 грейдер, 4 трактор, 1 тиеуші, 1 автобус, 2 «ХОВА» пайдаланылды. Көктайғакқа қарсы 300 тонна инертті материал себілді.

Өткен аптада ауа райының күрт бұзылып, қардың қалың түсуіне байланысты Еңбекшіқазақ ауданында коммуналдық қызметтер күшейтілген режимде жұмыс істеді. Аудан аумағындағы барлық ішкі жолдар, облыстық және республикалық маңызы бар жолдар, қоғамдық орындар, әлеуметтік нысандардың аумақтары, көлік аяладалары қардан тазаланып, көктайғактың алдын алу үшін жол жабындарына арнайы инертті материалдар себілді. «Тұрғындардың қозғалысына ыңғайсыздық тудырмау мақсатында негізгі магистральдардан қар шығару жұмысы

түнгі және таңғы уақыттарда атқарылды. Арнайы техникалар жұмылдырылып, автомобиль және жаяу жүргіншілер жолдары қардан тазартылды. Қар тазалау жұмысын үздіксіз жүргізу мақсатында түнгі кезекшілік ұйымдастырылды. Ауа райы жағдайына байланысты жолды қардан тазалау және күтіп-ұстау жұмысы алдағы уақытта да тұрақты түрде жалғасалды, – деген Еңбекшіқазақ аудандық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ержігіт Сәрсенбиев қар үрлеп тастайтын учаскелер де ерекше бақылауға алынғанын айтты. Ол учаскелерге республикалық маңызы бар «Алматы – Шелек – Қорғас» тасжолының 52-54, 56-60 шақырымы, «Алматы – Көкпек – Көктал – Қорғас» тасжолының 126-192 шақырымы, сондай-ақ облыстық маңызы бар «Есік – Қырбалтабай – Жетіген» тасжолының біраз бөлігі мен Шелек ауылының шығыс бөлігі жатады.

Жалпы ауданда жолдарды күтіп-ұстау бойынша үш мекеме қызмет көрсетеді. Облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының 673 шақырымына 24 бірлік техникасы бар «Аван құрылыс» ЖШС жауапты. Халықаралық маңызы бар «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автомобиль жолының 14,4-171,4 шақырымы аралығына 4 бірлік техникасымен ДЭУ-16 мекемесі, республикалық маңызы бар КЗ05-99 «Алматы – Бәйтерек – Бәйбібек би – Лавар» автомобиль жолының 30-109 шақырым аралығына 11 бірлік техникасымен ДЭУ-21 мекемесі, республикалық маңызы бар «Алматы – Көкпек – Көктал – Қорғас» автомобиль жолының 126-192 шақырым аралығына 7 бірлік техникасымен ДЭУ-91 мекемесі қызмет көрсетеді. Ал аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын, Есік қаласы бойынша 120 шақырымды қысқы мерзімде күтіп-ұстаумен «Есік Саулет» ЖШС айналысады. Мекеменің 21 бірлік техникасы мен 20 жол жұмысшысы қар тазалау ісіне жұмылдырылды. Нәтижесінде 11-13 ақпан аралығында жолдарды тазалау жұмысы қарқынды жүргізіліп, 1712 текше қар шығарылды. Есік қаласы аумағындағы көшелерге 213 текше, ал аудан аумағы бойынша 1150 текше инертті материал себілді.

Табиғаттың тосын мінез танытуы Жамбыл ауданының жұртшылығын да әбігерге салды. Ауа райының қолайсыздығынан республикалық маңызы бар «Алматы – Бішкек» автожолының бойында ұзын-сонар кептеліс пайда болды. Себебі Жамбыл облысындағы Қордай асуында соккан қатты бораннан күрежолда автокөлік

қозғалысы шектелді. Осыған байланысты «Алматы – Бішкек» жолының аудан аумағынан өтетін 51-143 шақырымы жабылып, көлік қозғалысы мүлдем тоқтатылды.

Қиын сәтте қолұшын созу – халқымызға тән асыл қасиет. Аудан әкімінің мұрындық болуымен далада қалған жолаушыларға Ұзынағаш ауылының кәсіпкерлері қолдау көрсетті. Аудан орталығында орналасқан «Әдемі» және «Тамаша» дәмханаларының директоры Қалихан Мұқаметхан жолда тұрып қалған көлік жолаушыларына ыстық тамақ ұйымдастырды. Аталған қос дәмхана ұжымы жол бойында аялдайтын арнайы орында қазан көтеріп, шай қайнатып, бірнеше шақырымға созылған жүк көліктеріндегілерге ас-ауқат таратты. Адамгершіліктің жарқын үлгісін көрсетуге қызметкерлерін жұмылдырған кәсіпкер ыстық аспен қатар жолаушыларға жылы сөзімен де демеу болып, көптің алғысын алды.

Аудан әкімінің орынбасары Ақниет Тұрысбекұлының айтуынша, жалпы бұл күндері ауа райының қолайсыздығына байланысты Жамбыл ауданының аумағындағы республикалық, облыстық маңызы бар және аудандық жолдарда қардан тазарту, тайғакқа қарсы инерттік материал себу жұмыстары үздіксіз жүргізілді. Арнайы техникалар тәулік бойы жұмыс істеп, жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге барынша күш салды. Елдімекен ішіндегі жолдар да күреліп, көктайғакқа қарсы амал жасалды.

**Қуат ҚАЙРАНБАЕВ,**  
Құралай МҰРАТҚЫЗЫ,  
Серік САТЫБАЛДИЕВ  
Қарасай, Еңбекшіқазақ, Жамбыл аудандары



## Зауыт жұмысшыларымен кездесті



Іле ауданы Жәпек батыр ауылында орналасқан «ВТК Group» ЖШС кәсіпорнында Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдау бойынша өтетін референдумға қатысты ақпараттық-түсіндіру жиыны өтті.

Шараға конституциялық комиссияның мүшесі, облыстық мәслихаттың төрағасы Қуат Байғожаев, облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ерболат Тұрымбетов, сондай-ақ

«ВТК Group» ЖШС-ның басшылығы мен 100-ге жуық қызметкері қатысты. Алғашқы болып сөз алған Қуат Сұлтанұлы жаңа Конституция жобасы туралы кеңінен әңгімеледі.

Референдумның қоғамдық-саяси маңызы, дауыс беру тәртібі және азаматтардың құқықтық жауапкершілігі жөнінде де жан-жақты сөз етті. «Референдум – әрбір азаматқа өз ойын білдіру мүмкіндігін беретін маңызды құқықтық процесс. Бұл тек жаңа Конституция жобасын талқылауға ғана емес, сонымен қатар елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға және билік пен қоғам арасындағы сенімді нығайтуға берілетін мүмкіндік», – деді ол.

Келесі кезекте Іле ауданының Құрметті азаматы, облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ерболат Сапарұлы сөз сөйлеп, бұл үлкен саяси нақанның әрбір адам үшін маңызды екеніне тоқталды. Көпшілікті референдумнан тыс қалмай, өз тандауларын жасауға шақырды. Ол бұл шешімнің елдің болашағын қалыптастыратынын және Ата Заңымызды тұғырлы ететінін атап өтті.

Кездесу барысында кәсіпорын қызметкерлері қойған сұрақтарына нақты жауаптар алды. Ашық форматта өткен жиын өзара пікір алмасуға ұласып, маңызды конституциялық өзгерістердің мән-маңызын тереңірек түсінуге мүмкіндік ашты.

Алма ТОПАНТАЙҚЫЗЫ

### СЕМИНАР

# Заманауи платформаларды меңгерді

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия мен облыс әкімдігінің бірлесіп ұйымдастыруымен Іле ауданы Түймебаев ауылындағы «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында салынған білім ордасында «Адал азамат: ауыл мектебінің келешегі» атты республикалық семинар-тренинг өтті. Жиынға ауыл мектептерінің директорлары мен орынбасарлары, әдіскерлер, мұғалімдер мен ата-аналар қатысты.

Келесі кезекте ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия мүшесі

Қуаныш Сейтжанов болашақ ұрпақты адал азамат етіп тәрбиелеу баршаның міндеті екеніне көпшіліктің назарын аударды. Сонымен қатар ауыл мектебі-



Суреттерді түсірген – Аслан ҚАЖЕКЕ

### Айжарық КӨПТІЛЕУОВ —

Ауылдық білім беру жүйесін жаңа деңгейге көтеруді көздейтін іс-шарада алғашқы сөз облыстық білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ақмарал Өтенбековаға берілді.

– Бүгінде облыс көлеміндегі 443 мемлекеттік жалпы білім беретін мектепте – 359 645, 55 жекеменшік мектепте 19 391 оқушы білім алууда. Ұшауысымды оқыту мен орын тапшылығын жою мақсатында соңғы үш жылда 36 мемлекеттік және 33 жекеменшік жаңа мектеп ашылып, 6 қосымша жапсаржай салынды. Соның ішінде 17 білім ордасы «Келешек мектебі» жобасы аясында пайдалануға берілді. Нәтижесінде ұшауысымды мектептер саны 52-ден 28-ге азайды. Облыстық білім басқармасы жыл сайын кәмететке толмаған балалардың әлеуметтік жағдайын анықтау және құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында «Дағдарыс картасын» дайындап, құқық қорғау органдарымен тығыз байланыста жұмыс істеуде, – деген басқарма басшысының міндетін атқарушы тәрбие саласында атқарылып жатқан жұмыстар жайына тоқталды.

Ақмарал Бакытқызы сөзінің соңында Алматы облысы қарқынды дамып келе жатқан урбанизация деңгейі жоғары аймақ болғандықтан, ауыл мектебін тек білім ошағы емес, заманауи технологиялар мен инновацияның орталығына айналдыру басты міндет саналатынын айтты.

Әйгерім Сәрсенбаева сөз алып, бүгінгі шараның мақсаты ауыл баласы мен қала баласының білім алшақтығын жою екенін атап өтті. Сонымен бірге мұғалімдер оқулықпен шектеліп қалмай, уақыт талабына сай платформаларды меңгеру кергін, сол себепті оларды жергілікті ұстаздарға таныстырып, қалай қолдануды үйрету ниетімен өздерімен бірге спикерлерді ертіп келгенін айтты.

– ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия үшін бала қауіпсіздігі маңызды мәселе саналады. Оқушылар өмірде де, мектепте де, әлеуметтік желіде де өздерін қауіпсіз сезінуі керек. Қауіпсіздік болған кезде ғана сапалы білім болады. Әр ауылдың баласы әлемдік деңгейде білім алып, адал азамат болуға қалыптасуы тиіс. Біз осы бағытта жұмыс істеп жатырмыз. Сондықтан Мемлекет басшысының «Адал азамат» тұжырымдамасын әр ауылдың мектебіне енгізуіміз қажет, – деді Әйгерім Арыстанбекқызы.

Одан кейін сөз алған «Ауыл» партиясы төрағасының орынбасары

нін жай ғана ғимарат емес, мемлекеттің іргетасы саналатынын айта келе, бүгінгі семинардың ауылдың кадрлық резервін жасақтаудың алғышарты екенін тілге тиек етті. Сондай-ақ ауыл мұғалімін жаңа дәуірдің «креативті менеджері» ретінде көретінін, ол жасады интеллектіні меңгерген, жаһандық трендтерден хабардар тұлға болуы тиіс екенін айтты.

Цифрлық дәуірдегі бала тәрбиесінің жаңа үлгісі ұсынылған маңызды басқосудың екінші бөлімінде қатысушылар төрт топқа бөлініп, бірқатар бағыттар бойынша тәжірибе алмасты.

– Бұл семинар мен үшін өте пайдалы, әрі қызықты болды. Спикерлер ауыл мектептерін дамыту, цифрлық технологияларды тиімді қолдану, білім сапасын арттыру және құндылыққа негізделген тәрбие туралы маңызды мәселелерді көтерді. Жас маман ретінде бұл шара педагогикалық дүниетанымды кеңейтті. «Адал азамат» туралы ойлар маған үлкен әсер етті. Бұл шара мені кәсіби тұрғыдан одан әрі дамуға, үнемі ізденісте болуға және өз тәжірибемді жетілдіруге ынталандырды, – деді семинарға Іле ауданы Ащыбұлақ ауылындағы №19 мектептен келіп қатысқан жас маман Құндыз Бекболатова.

– Осындай іс-шаралар ауыл мектептері үшін ауадай қажет. Ақпаратандыру жылдам дамып бара жатқан кезде оқушыларға тек академиялық білім беріп қана қоймай, қауіпсіз цифрлық ортада қалыптастыру басты міндет болып отыр. Балалар – біздің болашағымыз. Ауылдық білім беру жүйесін жаңа деңгейге көтеру үшін жасалып жатқан жобаларға үлес қосып жатқан ұйымдастырушыларға алғысымыз шексіз, – деді Түймебаев ауылындағы мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Гүлпара Қабышқызы.

Іле ауданы

## Қонаевтың дамуы талқыланды

← (Басы 1-бетте)

Әкімшілік ғимараттардың, әлеуметтік нысандардың құрылысы мен инженерлік инфрақұрылымды дамыту мәселелері бойынша облыс әкімінің орынбасары Әсет Масабаев баяндады. Кешенді жоспарға сәйкес бірінші кезекте департаменттер үйі, облыстық сот, ұлттық қауіпсіздік комитеті, әкімдікке бағынышты ұйымдар, арнайы органдар мен полиция департаментінің ғимараттары салынатын болады. Мәдениет және спорт саласы бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ қаражаты есебінен драма театры, жеке инвестиция арқылы «Қонаев-Арена» стадионы, Оқушылар сарайы, зерттеу лабораториясы бар музей салынбақ.

Тұрғын үй құрылысы бойынша 2022 жылы бюджет қаражатына үш 60 пәтерлі үй салына бастаған. 2024 жылы құрылыс тоқтатылып, кейін оны «Сапу Строу-А» ЖШС жалғастырған. Осы жылдың қыркүйек айында толығымен аяқталмақ. Қазіргі таңда 7 үйдің жобалық-сметалық құжаты дайын. Одан бөлек жеке инвесторлар мен ірі құрылыс компаниялары есебінен де тұрғын үйлер салынатын болады. Қарыз-тазарту құрылысы бойынша мемлекеттік және жекеменшік әріптестік аясында 438 га аумақта дислокация және геодезиялық жұмыстар жүргізілуде. Құрылыс-монтаждау жұмысы биыл наурыз айында басталады. Инвестиция көлемі – 33,4 млрд теңге. Инженерлік желілерді жаңғырту бойынша «Энергетика және коммуналдық секторды модернизациялау» ұлттық бағдарламасы аясында 15 жоба әзірленген. Жалпы құны – 74,92 млрд теңге, бұл қаражатқа 98,26 шақырым сумен, жылумен және электрмен жабдықтау желілері жанартылады.

Келесі сөз кезегі облыс әкімінің орынбасары Бақытнұр Бақытұлына берілді. Ол Қонаев қаласының жер ресурстарын тиімді пайдалану, агроөнеркәсіп кешенін дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады. Айтуынша, Қонаев қаласында 2022 жылдан бері пайдаланылмай келген 47,8 мың гектар аумақтағы 188 жер телімі анықталған. Оның 27,8 мың гектары мемлекет меншігіне қайтарылып, 12,2 мыңы қайта айналымға енгізілген. Конкурсы арқылы 63 учаске азаматтарға беріліп, жайылымға 8 учаске бекітілген. Алайда Шенгелді ауылында жайылым тапшылығы әлі 4507 гектарды құрайды. Биыл қала әкімдігі 17 197 гектар жерді айналымға енгізуді жоспарлап отыр. Өңірлік үйлестіру кеңесі арқылы 47 инвестициялық жобаға 8603 гектар жер бөлу көзделген.

Ауыл шаруашылығы саласында 2026 жылға жоспарланған нақты көлем индексі 104,8% (907 млрд теңге) деңгейінде бекітілген. Ал егіс көлемі 13 528 гектарға ұлғайтылып, мал азығы дақылдары азайып, орнына майлы дақылдар мен жүгері, арпа егісі ұлғаймақ. Соңғы үш жылда су үнемдеу технологиясын қолдану 1,4 мың гектардан 5,2 мың гектарға өсіп, бұл жалпы егіс көлемінің 41%-ын қамтыған. Мал шаруашылығы саласында 2025 жылы ет өндірісі 3848 тоннаға, сүт 3643 тоннаға, жұмыртқа 77 мың данаға артқан. Қосымша 2 сүт фермасын салу жоспарланған. Оған 3295 гектар жер телімі рәсімделіп, іске қосу уақыты 2027-2028 жылдарға белгіленген.

Баяндамашылар сөзін аяқтағаннан кейін Қонаев қаласындағы түйткілді мәселелерді шешу жолдары талқыланып, басқарма басшылары өз ұсыныстарын жеткізді. Облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев осы бағытта нақты тапсырмалар берді.

### ӘЛЕУМЕТ

## Ұрыс қимылдары кезеңінде әрекет еткен армия құрамындағы, оның ішінде әскери борышын өтеу кезіндегі әскери қызметті еңбек өтілін есептеу тәртібі

Зейнетақы төлемдерін тағайындау және олардың мөлшерін арттыру 2023 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енген Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі Әлеуметтік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек өтілін есептеу және растау тәртібі Кодекстің 208-209-баптарымен реттеледі.

Кодекстің 208-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек өтілін жеңілдікпен есептеу кезінде ұрыс қимылдары кезеңінде әрекет еткен армия құрамындағы, оның ішінде әскери борышын өтеу кезіндегі әскери қызмет, сондай-ақ ұрыс қимылдары кезеңінде партизан отрядтары мен құрамаларында, әскери жарақат салдарынан емдеу мекемелерінде болған уақыт – әскери қызметшілерге еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындаған кезде осы қызметтің мерзімдерін есептеу үшін белгіленген тәртіппен жұмыс өтіліне есептеледі.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 тамыздағы №733 қаулысымен бекітілген «Әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ әскери немесе арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кезінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдардың еңбек сіңірген жылдарын есептеу қағидаларына» сәйкес, әскери қызметшілер мен арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері ұрыс қимылдарына қатысқан басқа елдердің аумағында болған әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелер мен бөлімшелерде:

Сирияда – 1967 жылғы маусым, 1970 жылғы наурыздан бастап шілдеге дейін, 1972 жылғы қыркүйектен бастап қарашаға дейін, 1973 жылғы қазан, 1982 жылғы маусым,

Мозамбикте – 1967-1969 жылдар, 1975 жылғы қарашадан бастап 1979 жылғы қарашаға дейін, 1984 жылғы наурыздан бастап 1988 жылғы тамызға дейін,

Эфиопияда – 1977 жылғы 9 желтоқсаннан бастап 1990 жылғы 30 қарашаға дейін,

Ауганстанда – 1978 жылғы сәуірден бастап 1989 жылғы 15 ақпанға дейін, Анголада – 1975 жылғы қарашадан бастап 1991 жылғы желтоқсанға дейін, Ливанда – 1982 жылғы маусым, ал жараланған, контузия алған немесе мерттіккен әскери қызметшілерге және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне емдеу мекемелерінде емделуде үзіліссіз болған уақыт;

1993 жылғы 5 шілдеден бастап Тәжік-Ауған учаскесіндегі ТМД-ның сыртқы шекарасын күзетуді күшейту жөніндегі міндеттерді орындағандарға;

армиясы ұрыс қимылдарын жүргізген немесе басқа мемлекеттерге әскери көмек көрсеткен елдерде, осы елдерге 1961 жылғы 1 қаңтардан бастап 1982 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде ұрыс қимылдарына қатысқанына қарамастан, іссапарға жіберілген ұшықшы құрамының әскери мамандарына;

Чернобыль АЭС-індегі авария салдарын жоюға және оқшауланған аймақта (1986 жылы тұрғындары эвакуацияланған аумақта) қоршаған ортаның ластануын алдын алуға байланысты жұмыста – 1986 жылғы 26 сәуірден бастап 1987 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі қызметтің 1 айы үш ай болып жеңілдікті шарттарда есептеледі.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы №232 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің, жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу (айқындау), оларды тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау Қағидаларының 6-тармағының 3) тармақшасында сәйкес өтініш берушінің еңбек өтілін растайтын құжаттары ретінде әскери ұрыс қимылдарына қатысқаны туралы әскери комиссариаттың анықтамасы болып айқындалған.

Айжан ЖАНБАТЫР,

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитеті Алматы облысы бойынша департаменті №1 зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің бас маманы



● ЖАҢА КІТАП

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің заң факультеті және «Заң» медиа-корпорациясының ұйымдастыруымен әділет полковнигі, отставкадағы судья Советхан Сәкенұлының «Судья» атты кітабының тұсаукесері өтті. Тағылымды шараға кезінде Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты, Алматы қалалық және облыстық соты, еліміздің өзге де өңірлерінде қызмет атқарған ардагер судьялар мен қазір қызметте жүрген қазылар, қоғам қайраткерлері, студент жасстар, ақпарат саласының өкілдері қатысты.*

● Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ

Шараның ашылу салтанатында сөз сөйлеген ҚазҰУ басқарма мүшесі – тұрақты әлеуметтік даму жөніндегі проректор Бакытжан Омаров қазақ білімінің қара шаңырағы саналатын бұл жоғары оқу орны үшін құқықтық мемлекеттің іргесін бекіту, заң үстемдігі қағидаттарын орнықтыру және кәсіби әрі жауапкершілігі жоғары заңгерлерді тәрбиелеу стратегиялық әрі тағдырлы міндет екенін айтты.

– Университет қабырғасында өтетін әрбір ғылыми, рухани және қоғамдық маңызды бар іс-шара биік мақсаттарға қызмет етеді. Бүгінгі басқосу да – дәл сондай мазмұны терең, мағынасы салмақты тағылымды жиын. Әділет полковнигі, отставкадағы судья Советхан Сәкенұлының «Судья» атты кітабының тұсаукесері – қазақстандық сот жүйесінің өткені мен бүгінгіне терең үңілуге мүмкіндік беретін маңызды зияткерлік оқиға. Бұл еңбек – бір адамның кәсіби жолының шежіресі ғана емес, ол – сот билігінің ішкі философиясын, судья мамандығының айрықша жауапкершілігін, әділдік пен заң алдындағы адалдықтың күрделі табиғатын ашып көрсететін мазмұнды туынды.

Автордың көпжылдық судьялық тәжірибесіне сүйене отырып жазылған ой-толғамдары оқырманды сот төрелігінің сыртқы рәсімдерінен гөрі, оның ішкі мәніне, адам тағдырымен тікелей байланысқан шешімдердің салмағына үңілуге жетелейді. Әсіресе қоғамда кеңінен талқыланған «Қорғас ісіне» қатысты жеке естеліктері мен пайымдары – сот қызметіндегі кәсіби батылдықтың, құқықтық жауапкершіліктің және ар-ожданнан айқын көрінісі ретінде бағалы. Сонымен қатар әр жылдары бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мақалалар мен сұхбаттардың бір жинаққа топтастырылуы бұл еңбектің қоғамдық-саяси, публицистикалық салмағын арттыра түседі.

Бүгінгі таңда елімізде жүргізіліп жатқан ауқымды Конституциялық реформалар, сот-құқықтық жүйені жаңғырту үдерістері судья институтының роліне жана мазмұн беріп отыр. Мұндай кезеңде тәжірибеге, өмірлік сабақтарға және кәсіби пайымға негізделген еңбектердің маңызы айрықша. «Судья» кітабы – тек кәсіби ортаға арналған басылым ғана емес, ол жас заңгерлерге, студенттер мен магистранттарға, докторанттарға судья мамандығының шынайы болмысын, оның моральдық-этикалық өлшемдерін түсіндіретін құнды рухани бағдар.

Тұсаукесер рәсімін Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың заң факультеті мен «Заң» медиа-корпорациясы» ЖШС бірлесіп ұйымдастыруы – ғылым, тәжірибе және қоғамдық пікір кеңістігінің өзара тиімді тоғысуының жарқын үлгісі. Бұл алаңда сот билігінің дамуына қатысты кәсіби әрі қоғамдық пікір алмасу, судья мамандығының құқықтық мемлекеттегі орны мен



# ӘДІЛДІК АЙНАСЫ

жауапкершілігін терең талқылау мүмкіндігі қалыптасып отыр.

Іс-шараға арнайы шақырылған сот жүйесінің ардагерлері мен қазіргі өкілдері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, белгілі жазушылар мен журналистер бұл кездесудің мазмұнын одан әрі байытып, көпқырлы көзқарастардың тоғысуына жол ашады. Олардың ойлары мен тәжірибесі сот билігінің болашағы, құқықтық мәдениеттің дамуы жөніндегі пайымды пікірлерге негіз болатыны сөзсіз.

– Осы ретте, Советхан Сәкенұлына еліміздің сот жүйесін дамытуға қосқан елеулі үлесі, кәсіби адалдығы мен азаматтық ұстанымы үшін шынайы ризашылығымызды білдіреміз. «Судья» кітабы – әділдікке қызмет ететін қандай биік жауапкершілік екенін сезіндіретін, уақыт өткен сайын құндылығы арта түсетін тағылымды еңбек. Аталған туынды сот жүйесінің қалыптасуын және әділдікке апарар жолдың қаншалықты жауапты екенін ашып көрсете отырып, бүгінгі конституциялық жаңғыру кезеңінде айрықша өзектілікке ие. Ол кәсіби қауымдастық үшін – тәжірибелік ой-толғам алаңы, ал жас заңгерлер үшін ар мен заңның үйлесімін ұғындыратын тағылымды мектеп болары сөзсіз, – деді Бакытжан Омаров.

Осыдан-ақ университет ұжымы бұл ерекше кітаптың тұсаукесеріне тыңғылықты дайындалғаны анық көрініп тұр. Оның үстіне кітаптың авторы – осы оқу орнындағы заң факультетінің 1985 жылғы түлегі.

Кітаптың алғашқы жазған кәсіби және білікті заңгер, Қазақстан Республикасы Судьялар одағының төрағасы Досжан Әмір:

«Қазақстанда үш мыңға жуық судья бар. Ал осы судьялардың ішінде өзіне жүктелген міндетті талапқа сай орындаумен шектеліп, бұйығы тірлік кешіп жатқандары қаншама. Осындай әріптестерімен салыстырғанда Советхан Сәкенұлы – шеңберге сыймайтын, қалыпқа бағынбайтын қалпымен ерекше. Мұны әріптесіміздің бұқаралық ақпарат құралдарына жазған мақалаларынан, журналистерге берген сұхбаттарынан байқау қиын емес. Өзіндік ұстанымын жасырып қалмайтын Советхан Сәкенұлы бірде алқабилер институтының қазақы сот қызметімен үйлеспейтінін жазса, енді бірде әділ төрелік ету міндеті жүктелген әріптестерінің пара алып, заңсыз шешім шығарып, бүкіл сот төрелігінің беделіне көлеңке түсіріп жатқанын ашына сыйайды. Советхан Сәкенұлының әрбір мақаласын оқығанда

сот саласындағы ғана емес, қоғамдағы мәселелерге бейжай қарамайтын отаншылдықты, белсенділікті байқайсың. Журналистермен еркін, емен-жарқын тілдесіп, пікірлесуді жақсы дәстүрге айналдырған әріптесіміздің заң, сот, құқық қорғау саласында талқыламаған, көтермеген, пікір білдірмеген мәселесі, тақырыбы аз. Әрі олардың қай-қайсысын алсаңыз да көпшілікке ой саларлықтай, жас бұынға өнеге көрсетерліктей.

Советхан Сәкенұлы – бүкіл республика жұртшылығы жіті көз тіккен, кірпік қақпай бақылаған «Қорғас ісі» таразылаған судья. Еліміздегі беделді шенеуніктерге қатысты қаралған осындай күрделі істің Советхан Сәкенұлына жүктелуі де тегін емес. Бұл – сот құрылымының әріптесіміздің кәсіби шеберлігіне сенгенінің, судьялық біліктілігін мойындағанының белгісі. Шындағында қаншама қысым, қаншама қиындықпен бетпе-бет келсе де, судья өзіне жүктелген сенім үдесінен шыға білді. Кітаптағы «Қорғас ісіне» қатысты естеліктер, судьяның шеберлігіне қатысты журналистер жазбасы көңілге көп ой салады, әріптесімізге деген мақтаныш сезімімізді оятады.

«Судья қандай болуы керек?» деген сұраққа толық жауап беріп тұрған бұл кітап сот саласының судьялары мен мамандарын ғана емес, қалың оқырманды қызықтыратыны талас тудырмайды», – деген тамаша пікір айтыпты.

Шынында да бұл кітап болашақта биік болымы, туғанымға қарамай тұрасын айтып, еліме, халқыма әділ де адал қызмет етемін деп алдына асқақ арман, ұлы мұрат қойған өскелең ұрпақ, әсіресе заңгер мамандығы бойынша білім алып жатқан жастар үшін, тіпті бүгінгі күні еліміздегі сот жүйесінің түрлі сатыларында қазылық қызметте отырған судьялар үшін де адастырмас бағдаршам іспетті.

Тұсаукесер рәсімі кезінде сөз алған ҚР Жоғарғы сотының отставкадағы судьясы, Жоғарғы сот жанындағы Сот төрелігі академиясының құрметті профессоры Әділ Құрықбаев, ҚР Сот жүйесінің ардагері Адайбек Бейімбетов, «Заң» медиа-корпорациясының президенті Досымбек Өтеғалиев, ардагер журналистер – «Заң газеті» бас редакторының бұрынғы орынбасары Қалбай Әділ, бөлім меңгерушісі Елеусіз Мұратұлы, Алматы қалалық сотының судьялары Бакытбай Бірімқұлов, Нұрділда Сейітов, Алматы облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі

судьясы Ербол Құтпанбаев, Алматы қаласы Алмалы аудандық сотының судьясы Ернар Қасымбеков, заң факультетінің деканы, профессор Уәлихан Ахатов және басқалар кітап және оның авторы, ол көтерген мәселелер жөнінде өз ойларын ортаға салып, ізгі тілектерін білдірді, шараға қатысқан студент жастарға ақыл-кеңестерін айтты.

Олардың ортақ пайымдауынша, «Судья» кітабы – атауы айтып тұрғандай, мемлекет атынан үкім шығарып, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын, сол арқылы мемлекеттік биліктің абырой-беделіне қызмет ететін, оған халықтың сенімін қалыптастыратын аса жауапты тұлға – болашақ билердің бойында қандай қасиеттер болуы қажеттігін айқындайтын бағдаршам іспетті ерекше кітап!

Бұған автордың тәуелсіздік жылдарында әртүрлі басылымдарда жарияланып, осы кітапта топтастырылған «Судьяға (биге) үміткерге қандай талаптар қойылуы қажет?», «Қарапайым халықты мемлекеттік шенеуніктер тәрбиелейді», «Үкімнің әділдігі алдын ала тергеуге тікелей тәуелді», «Жалтақтық пен жағымпаздық қатар жүреді», «Судья – мемлекет пен қоғамның ірі тұлғасы», «Әр маман өз орнында мықты болып, әркім әділетті өзінен іздеуі керек», «Пара алдын ба, демек пара бергеннің айдауымен жүріп, айтқанына көнетін құлсың!», «Заманнан озар сот қайда?», «Әділетсіздіктің ең үлкені – заң жолымен жасалған әділетсіздік», «Екі сот сатысы бір шатырдың астында болмауы тиіс», «Конституцияның 7-бабының 2-тармағының күшін жою керек», «Мінезсіз судья – әділеттіліктің қас жауы», «Мінсіз судья», «Үлгілі сот» қандай болмақ?», «Қорғас ісі» – ар мен аярлық безбені» сияқты тағы басқа ондаған мақала мен сұхбаттары толық дәлел бола алады.

Жоғарыда айтылғандай, «Қорғас ісі» бүкіл ел жіті бақылағаны рас. Бұл отандық сот жүйесі сын таразына түскен сәт еді. 45 сотталушы, 1576 томнан тұратын қылмыстық іс, соның ішінде 70 томға жеткен айыптау қорытындысы жазылғанын ескерсек, не деген ауыр да ауқымды, күрделі де жауапты іс! Оның үстіне басты сот талқылауларына 4 мемлекеттік айыптаушы, 40-қа жуық «сен тұр, мен атайын» дейтін кәсіби біліктілігі жоғары адвокат пен 40-тан аса қоғамдық қорғаушы, 5 сот отырысының хатшысы, 6 сот приставы, жәбірленушілердің бірнеше ондаған өкілі мен басқа да көптеген маман

қатысқан. Барлығы 165 сот отырысында төрағалық етушінің 200-ге жуық ауызша қабылдаған қаулысын есептегенде, 100-ден аса әртүрлі санаттағы жазбаша қаулы қабылданған. 560-қа жуық куәден жауап алынып, 400-ден аса әртүрлі сот сараптамасы мен мамандардың қорытындысы сараланған.

Бұл іс бойынша сотталушылар ішінде ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Кеден комитетінің жоғары лауазымды білімді қызметкерлері аз болмағанын, 120 адамға қатысты қылмыстық істі ашып, анықтау үшін жедел тергеу тобы құрылып, оның құрамында 330-дай Қаржы полициясы қызметкері мен Бас прокуратураның арнайы өкілдері үш жылға жуық еңбек еткенін айтсақ, олардың қылмыстық әрекеттерін әшкерелеу оңайға соқпағанын түсіну қиын емес. Советхан Сәкенұлы осыған орай:

– Иығыма жауапкершіліктің ауыр жүгі артылғанын, әрине, түсіндім. Оны абыроймен алып шығу менің осы кезеңге дейінгі адвокат, тергеуші, криминалист, прокурор, судья бола жүріп жинақтаған мол тәжірибем мен кәсіби біліктілігімнің сыналар сәті туғанын да түсіндім. Бұл іс менің заңгерлік қызметімнің биік шыңы, адамдық болмысымыз таразысы болатынын да қапысыз ұққанмын, – дейді.

Оған қосымша, сол кездегі Жоғарғы соттың төрағасы Бектас Бекназаров: «Советхан, бұл – саған жүктелген мемлекет алдындағы үлкен жауапкершілік. Отырақ бол, ешкімге жақындама. Жан-жағың түгел аңдулы!» – деп ескертті. Тағы бірде: «Советхан, сенің қолыңда бүкіл Қазақстан сот жүйесінің, судьяларының абырой-беделі тұр. Егер әділ де негізді үкім шығаратын болсаң, соттардың беделі көтеріледі. Егер кімде-кім іске араласып, қысым жасамақ болса, маған айт. Тәуліктің қай мезгілінде болса да телефон шала беруіңе болады. Тіпті кіммен сөйлесіп отырсаң да, оны қойып, сені тыңдауға әзірмін», – десе, көп ұзамай: «Советхан, бүкіл Қазақ елі, 17 млн халық сот процесін бақылап отыр. Өзінді де, бізді де ұятқа қалдырмайды деп сенемін!» – деп үлкен қолдау көрсетті.

Ал одан кейін Жоғарғы соттың төрағасы болып тағайындалған Қайрат Мәми мырза: «Советхан, бұл істі бір жыл бойы өзін қарадың, кімнің кім екені саған ғана жақсы мәлім. Сондықтан әділ шешім қабылдау, жаза беру мөлшері де сенің құзырыңда», – депті.

Осындай отандық сот саласының көшін бастаған тұлғалардың дұрыс ақыл-кеңесі, шынайы қолдауы мен мемлекеттің абырой-беделін ойлаған азаматтық қасиеттері де Сәкенге күш-қуат бергені ақиқат.

– Менің істі алаңсыз қарап, әділ үкім шығаруыма тиісті қызметтердің өзімді және отбасымды берік қорғап жүруі де оң ықпалын тигізді. Отбасымның қауіпсіздігін ойлап, аландаған емеспін. Сот процесін өткізуге бар ынта-жігеріммен кірістім, – дейді әділет полковнигі.

Тұсаукесер рәсімінде Советхан Сәкенұлы әркез шыындықты айтатын турашыл, батыл да батыр мінезді жігіт, адал жар, сенімді дос екені айтылды. Шарада сөз сөйлегендер жастарды осындай иманжүзді, сот жүйесі, бүкіл қоғам алдында абыройға бөленген әділ де, арлы, намысты да отаншыл азаматтан үлгі алуға шақырды.

– Уақыт тұғырынан қарап отырып, мерзімді баспасөз бетінде жарияланған мақалаларым мен берген сұхбаттарымнан рухан ләззат аламын. Өйткені көтерген мәселелерім мен ұсыныстарым қабылданып, жүзеге асып жатты. Осы еңбектерім болашақ ұрпаққа, әсіресе өз өмірін заң саласына арнаған жастарға үлгі болса, өмірім бекер өтпегені деп білемін. Бұл кітаптағы әр пікір, әр ұсыныс, әр лебіз – өмірімнің бөлшегі, көңіл көкжиегінің өлшемі. Оны қалай қабылдау – сіздің патша көңіліңізге байланысты, ардақты оқырман, – дейді Сәкен.

● БІЛІМ

## КАНАДАЛЫҚ ПРОФЕССОРДЫҢ КЕҢЕСІ

*Қонаев қаласында Канададағы Lakehead University-дің профессоры, білім беру саласындағы халықаралық сарапшы, доктор Сет Азбомен кездесу ұйымдастырылды. Шараға ағылшын тілі пәні мұғалімдері мен оқушылар қатысты.*

● Гүлзат БАЙҚОНЫС

Мақсаты – облыс бойынша өткізіліп жүрген «Speaking club» жобасының деңгейін жақсарту, жас ұстаздар мен ғалымдардың, оқушылардың ғылыми-зерттеу әлеуетін арттыру.

Доктор Сет Азбомен Канададағы Lakehead University-де білім берудің әлеуметтік-мәдени негіздері, салыстырмалы және халықаралық білім беру пәндерінен дәріс береді.



Суретті түсірген – Дина ДӘУІТБЕКОВА

Қазіргі таңдағы ғылыми зерттеуі посткеңестік елдерде ағылшын тілін шет тілі ретінде оқытуға бағытталған. 2011 жылдан бері Қазақстан мен Қырғызстанда оқытушылар мен магистранттарға ғылыми зерттеу жүргізу және рецензияланатын журналдарда мақала жариялау тақырыптарында тәжірибесімен бөлісіп келеді. Оның қолдауымен Lakehead University-дің халықаралық кеңесі Қазақстанмен студенттер мен оқытушылар алмасу бағытында ынтымақтастық байланыс орнатқан.

Жылы барысында профессор ағылшын тілін шет тілі ретінде оқытудың заманауи педагогикалық тәсілдерін түсіндіріп, ұлттық бірегейлікті сақтаудағы тілдің маңызы жайлы баяндады, сондай-ақ ХХІ ғасырдағы транслингвизм ұғымы, жастармен мәдени байланыс орнатудың маңызы жайлы мазмұнды баяндама жасады.

– Қазақстандағы білім беру туралы көп зерттеу жүргіздім, мақалалар жарияладым. Осы уақытқа дейін Тараз қаласындағы оқу орнында, одан бөлек ҚазҰУ, СДУ университеттерінде түрлі семинарларға қатысып, дәріс оқыдым. Қонаевқа алғаш рет келіп тұрмын. Мұнда жұмыс істейтін Альмира Нұрланова есімді әріптесімді білемін. Ол бірнеше жыл бұрын менің студентім болған. Қазақстанға келгенімді естіп, жас буынмен кездесу өткізімді сұрады. Мен келісімді бердім.

Қазақстан білім беру саласында айтарлықтай дамып келеді. Мұндағы оқыту жүйесі маған ұнайды. Мысалы, «Болашақ» бағдарламасы әлемнің ең үздік университеттерінде білім алуға мүмкіндік береді. Осыған қарап, Үкімет бұл салада жақсы бастамаларды қолға алып, нәтижелі жұмыс істеуде деп ойлаймын. Көпшілігі Қазақстанда үздік оқыту жүйесі бар екенін түсіне бермейді, – деді профессор.

Кездесу соңында қатысушылар спикерге сұрақтарын қойып, ашық пікір алмасты.

Қонаев қаласы



● МҰҚАГАЛИ – 95

# ПОЭЗИЯ – ЖҮРЕК ТІЛІ



Кеген ауданы Жылысай ауылдық Мәдениет үйінде қазақ поэзиясының жарық жұлдызы Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл толуына орай «Поэзия – жүрек тілі» атты әдеби кеш өтті.

● Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ —

Аталмыш шараға Кеген аудандық мәслихат төрағасы Алмасбек Нұғман, аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Еркінбек Қалқаев, аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің

басшысы Талғат Әріпжанұлы қатысты.

Әсерлі кештің шымылдығын аудандық мәслихат төрағасы Алмасбек Нөкербанұлы ашып, мұзбалақ ақынның жауар жырлары туралы тағылымды ой әрбтті. Шарада ақын өмірінен сыр шертетін бейнеүзінді көрсетілді.

Жиын барысында «Жырлайды жүрек, сөйлейді Мұқағали» тақырыбында мекемелер арасындағы жыр-челленджінің үздіктері анықталды. Жылысай ауылдық ардагерлер алқасының төрағасы Болат Таубалдиев бас жүлдеге ие болды. I орын ветеринария бөліміне, II орын емхана ұжымына, III орын Мәдениет үйі қызметкерлеріне табысталды. Сонымен қатар 9-16 жас аралығындағы оқушылар арасында өткен «Поэзия – жүрек тілі» атты көркемөз байқауының да жеңімпаздары марапатталды. Қазылар алқасының шешімімен бас жүлдеге Шұғыла Нүсіпәлі лайық деп танылды. I орынды Айнұрым Рауанқызы, II орынды Қасқарбай Ерасыл иеленді, III орын Ақерке Назмабаеваға бұйырды. Арнайы номинациялар – «Ең әсерлі оқылым» – Ақмаржан Бектұрсыноваға, «Ерекше орындау» Балауса Кәдірбекке табыстала, Нұрайым Тұратбек «Көрермен көзайымы» атанды. Жеңімпаздарға арнайы диплом мен ақшалай сыйлықтар берілді.

Кеште оқушылар ақын өлеңдерін жатқа оқып, тыңдаушыларды тәнті етті. Сондай-ақ өнерлі өрендер «Есіңе мені алғайсың», «Сенің көзің» әндерін әулетте шырқады.

Осылайша, тағылымды шара жастардың әдебиетке деген сүйіспеншілігін арттырып қана қоймай, Мұқағали мұрасының мәңгілік екенін тағы бір дәлелдеді.

Кеген ауданы

● ТАҒЗЫМ

Талғар ауданы Жаңалық ауылындағы Саяси қуғын-сүргін құрбандары музейінде тағылымды терең еске алу жиыны өтті. Аталған шара қазақ халқының азаттық жолындағы күресінде айрықша із қалдырған Алаш қайраткері, қазақтан шыққан тұңғыш теміржол инженері Мұхамеджан Тынышбайұлының ұлы, профессор Шейх-Әли-Дәулет Мұхамеджанұлының рухына арналды.

# АСЫЛДЫҢ СЫНЫҒЫ



Іс-шараны Талғар аудандық тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Фарида Бегенбаева кіріспе сөзбен ашты. Кеш барысында Мұхамеджан Тынышбайұлы атындағы қор президенті, қайраткердің жиен немересі Нұршәкен Жүнісова мазмұнды баяндама жасап, Шейх-Әли-Дәулет Мұхамеджанұлының өмір жолы мен ғылыми-ағартушылық қызметін жан-жақты таныстырды. Ол тұлғаның ел тарихындағы орны, рухани мұрасы және кейінгі ұрпаққа қалдырған тағылымды туралы кенінен әңгімеледі. Сонымен қатар кинорежиссер Жәнібек Жетіровтің деректі фильмі көрермен назарына ұсынылып, кеш мазмұнын тереңдеті түсті. Бұл еске алу жиыны ел тарихында өшпес із қалдырған тұлғалардың өмірі мен еңбегін ұлықтаудың, ұлттық жадыны жаңғыртудың айқын көрінісі болды. Алаш арыстарының ұрпағы болған Шейх-Әли-Дәулет Мұхамеджанұлының гибратты ғұмыры бүгінгі және келер ұрпақ үшін өнеге екені тағы бір мәрте дәлелденді. Осындай тағылымды шаралар арқылы тарихи әділдік қалпына келіп, ұлт рухы нығая түспек.

Гүлбақыт ЖҮСПОВА,

Саяси қуғын-сүргін құрбандары музейінің экскурсия жетекшісі  
Талғар ауданы

● ЕРЛІК – ЕЛГЕ МҰРА

# АРДАГЕРЛЕР АРДАҚТАЛДЫ



Биыл Кеңес әскерінің Ауғанстаннан шығарылғанына 37 жыл толды. Арада осыныа уақыт өтсе де, сол бір қасіретті кезең ойдан өшіп, санадан сарқылмақ емес. Осыған орай Райымбек аудандық әкімдігіне Ауған соғысы ардагерлерімен тағылымды кездесу өтті.

● Жұмабек ТҰРДИЕВ —

Шараның мақсаты – Ауған жерінде интернационалдық борышын өтеп, қан майданда от кешіп, туған еліне аман-есен оралып, қаруын бейбіт өмірдегі еселі еңбекке арнаған ардагерлерге құрмет көрсету, ерліктерін жас ұрпаққа үлгі ету, тарихи оқиғаны кеңінен насихаттау. Кездесуге аудан әкімдігінің, ішкі саясат,

Кеген, Райымбек аудандық қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімнің, Нарынқол шекара бөлімінің басшылары мен сарбаздары қатысты.

Шарада алғашқы сөз тізгінін ұстаған Райымбек ауданы әкімінің орынбасары Самат Сатылғанов Ауған соғысы ардагерлерінің ел тыныштығы жолындағы жанқиярлық ерлігін айрықша атап өтті.

– Сіздердің отансүйгіштік қасиеттеріңіз – бүгінгі ұрпақ үшін орны бөлек өнеге. Тыныштық дейтін ұлағатты ұғымды жас ұрпақтың бойына сіңіріп, бейбіт өмірдің қадірін жете сезінуге ұйытқы болған пейілдеріңіз, соғыс қасіретін ұғындыру жолындағы еңбектеріңіз ұшан-теңіз. Әскери борыштарыңызды Отаннан тыс жерде өтеп, ата-бабамыздың ел мен жерді қорғаудағы ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан қайсар рухын жаңғыртып, жаудың қауырына қарсы қойған алмас қылыштай ар-намыстарыңыз, елге – мұра, ұрпаққа ұран болған ерліктеріңіз үшін басымызды иіп, алғыс айтамыз, – деген әкім орынбасары қорғаныс саласының бүгінгі тыныс-тіршілігін де тілге тиек етті.

Келесі кезекте сөз алған Кеген, Райымбек аудандық қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімнің басшысы, қорғаныс саласының майоры Әлібек Жұмақанов, Ауған соғысының ардагері Қайрат Болатбеков, Нарынқол шекара бөлімі бастығының орынбасары Нұрбол Төлеубаев ардагерлерге құрмет көрсетіп жатқан аудан әкімдігіне ыстық ықыластарын білдірді.

Кездесу барысында Ауған соғысы ардагерлеріне аудан әкімінің, Кеген, Райымбек аудандық қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімнің Алғыс хаттары, бағалы сыйлықтар табысталды.

Райымбек ауданы

● САҚТАНСАҢ, САҚТАЙДЫ

# Химиялық уланудың алдын алу

Күнделікті тұрмыста біз көптеген химиялық зат қолданамыз: үй тазалауға арналған құралдар, жуғыш және азартқыш заттар, аэрозольдер, желімдер, бояулар және басқа да тұрмыстық химия өнімдері. Бұл заттар өмірімізді жеңілдеткенмен, оларды дұрыс пайдаланбау немесе қауіпсіздік ережесін сақтамау денсаулыққа айтарлықтай зиян келтіреді.

Химиялық улану ауа арқылы, теріге немесе көзге тигенде, сондай-ақ оларды кездейсоқ жұтып қойған жағдайда болады. Әсіресе тұрмыстық химия өнімдері дұрыс сақталмаса, қауіп деңгейі арта түседі. Химиялық улану кезінде көбіне әлсіздік, бас айналу, жөтел, жүрек айну, тамақ пен көздің ашуы, іш ауыруы сияқты белгілер байқалады. Ал ауыр жағдайда адам есінен танып, құрысулар пайда болуы мүмкін.

Мұндай белгілер пайда болған сәттен бастап тез әрі дұрыс әрекет ету өте маңызды. Уақытылы көрсетілген алғашқы көмек пен медициналық жәрдем денсаулыққа келетін қауіпті азайтады. Сондықтан тұрмыстық химия құралдарын қауіпсіздік талаптарына сай пайдаланып, оларды әрдайым балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау қажет.

Ең алдымен сыртқа шығып немесе бөлмені желдету керек. Егер химиялық зат теріге немесе көзге түссе, таза сумен жақсылап шайыңыз. Дәрігердің кеңесінсіз зардап шеккен адамға тамақ, сусын немесе дәрі бермеңіз. Өздігінен құсуға қатаң тыйым салынады, бұл жағдайды нашарлатуы мүмкін.

Химиялық заттарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз, оларды ешқашан бөтелкеге құймаңыз, нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз және жұмыс кезінде қорғаныс құралдарын қолданыңыз. Сақтық шаралары қауіптің алдын алады.

Ернұр ҚҰРАБАЕВ,

Балқаш аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы

● АКЦИЯ

# Мен – донормын!

Мемлекет басшысының ерікті және өтеусіз донорлықты дамыту жөніндегі тапсырмасын іске асыру аясында ҚР Денсаулық сақтау министрлігі биылғы ақпан айынан қан донорлығы айы деп жариялады. Осы акция шеңберінде Қаскелең қаласында орналасқан облыстық қан орталығының жұмысымен таныстық.

● Қуат ҚАЙРАНБАЕВ —

Орталық директоры Азамат Заировтың айтуынша, мұнда күн сайын орта есеппен жүзге жуық адам қан тапсыруға келеді. Алайда әрбір адам донор бола алмайды. Ең алдымен, жас шектеуі 18-ден 60 жасқа дейін деп белгіленген. Сонымен қатар донорда созылмалы аурулар болмауы тиіс. Бұдан бөлек, қан тапсырар алдында майлы және қуырланған тағам мен дәрі-дәрмек қолдануға болмайды, екі тәулік бұрын алкогольден бас тарту қажет.



Алдымен донор тіркеу бөліміне жүгініп, тиісті сауалнаманы толтырады. Кейін терапевтің алғашқы тексеруінен өтеді, сынамалар бастапқы зертханаға жіберіліп, қан талдауы жасалады. Барлық көрсеткіштер сәйкес келген жағдайда ғана донор қан тапсыру залына жіберіледі. Донордан алынған қан жұкпалы ауруларға тексеріледі. Қанның құюға жарамды екені анықталғаннан кейін ғана ол медициналық мекемелерге жөнелтіледі.

Біз кейбір донорлармен де тілдесіп үлгердік. Мәселен, Қанат Ергалиев – тәжірибелі донор болса, Исламжан Амреджанов бұл орталыққа алғаш рет келуі екен. Оның айтуынша, қан тапсыру мүлде қорқынышты емес, керісінше пайдалы әрі қайырымды іс.

Айта кетейік, 2025 жылдың қорытындысы бойынша қан орталығы облыстағы 16 медициналық мекемені 21 мың доза қан және оның компоненттерімен қамтамасыз еткен. Донорлықты дамыту бойынша тиісті Жол картасы жүзеге асырылуда. Соған сәйкес қан алу жұмыстары көшпелі түрде де ұйымдастырылады, оның ішінде Алматы облысының әскери бөлімдерімен, SDU University және басқа да мекемелермен бірлесіп өткізіледі.

Ерікті қан донорлығы – жоғары азаматтық жауапкершіліктің көрінісі екенін еске салғымыз келеді. Бір донордың үш адамның өмірін құтқара алатынын ескерсек, Қарасай ауданының тұрғындары қан донорлығы айлығына белсенді қатысуға, сондай-ақ ерікті және өтеусіз донорлықты дамытуға атсалысуға шақырамыз!

Қарасай ауданы

<p><b>АЛАТАУ</b> араиы</p> <p>Бас редактордың бірінші орынбасары: Алма ЕСЕНБАЙ</p> <p>Бас редактордың орынбасары: Болат МӘЖИТ</p> <p>Жауапты хатшы: Шолпан НҰРЖАУОВА</p> <p>Құрылтайшы: Алматы облысының әкімдігі</p> <p>Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС</p> <p>Директор: Кәдірбек ҚҰНЫПИАҰЛЫ</p> <p>Бас редактор: Қуаныш ТҮНҒАТАР</p>	<p><b>МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:</b></p> <p>Жамбыл ауданы – Серік САТЫБАЛДИЕВ 8 701 254 97 55</p> <p>Қарасай ауданы – Қуат ҚАЙРАНБАЕВ 8 701 347 60 32</p> <p>Талғар ауданы – Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ 8 702 488 56 12</p> <p>Еңбекшіқазақ ауданы – Құралай МҰРАТҚЫЗЫ 8 700 573 30 11</p> <p>Ұйғыр ауданы – Анар ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ 8 702 213 95 83</p> <p>Райымбек ауданы – Жұмабек ТҰРДИЕВ 8 777 029 45 22</p> <p>Кеген ауданы – Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ 8 777 218 63 25</p> <p><b>ЖАРНАМА БӨЛІМІ:</b></p> <p>Жауһар АМАНГЕЛДИЕВА 8 708 210 95 71</p> <p>alatau_jarnama@mail.ru 8 747 688 17 41</p>	<p>Газет облыстың бөлінуіне байланысты жаңадан тіркеліп, 2022 жылдың 3 қыркүйегінен Қонаев қаласынан шығады</p> <p>Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді</p> <p>«Алатау араиы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек</p> <p>Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордағы ашық дереккөздерден алынады</p> <p>Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады</p> <p>Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.</p>	<p>Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2024 жылы 2 ақпанда қайта тіркеліп, № КЗ22VPY00086933 куәлігі берілген.</p> <p><b>Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы</b></p> <p>Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.</p> <p>М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10</p> <p><b>МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:</b></p> <p>Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1.</p> <p>Тапсырыс – 163</p> <p>«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы – 12 000, оның ішінде, «Алатау араиы» газетінің осы шығарылымының таралымы – 7 823.</p> <p>Индексі – 64792.</p> <p><b>Кезекші редактор: Құралбек СӨБИТОВ</b></p>	<p>ХАБАРЛАНДЫРУ</p> <p>Қоғамдық тыңдаулар ашық жиналыс формасында «Медициналық қалдықтарды зарарсыздандыруға арналған бутилизаторлар орнату» жоспарланған іс-шарасы бойынша «Қоршаған ортаны қорғау» тарауы бойынша өткізіледі. Уәкілетті географиялық координаттары: 1. 43.5781695; 77.1339410; 2. 43.5781878; 77.1342712; 3. 43.5779854; 77.1338801; 4. 43.5779819; 77.1342407.</p> <p>Өткізілу орны: Қазақстан Республикасы Алматы облысы Талғар ауданы Еркін ауылы, Школьная көшесі, 2 «А» үйі.</p> <p>Өткізілу күні мен уақыты: 2026 жылғы 26 наурыз, сағат 15:00.</p> <p>Жоспарланған іс-шараның бастамашысы: ЖШС «Ақкер Групп», БСН: 160540010630, Занды мекенжайы: Қазақстан, Алматы қаласы, Алматы ауданы, Шевченко көшесі, 118, 210 үй. Тел.: +7 747 790 9360, akkergrupp@yandex.ru</p> <p>Жобаның құрастырушысы: ЖШС «Эко-Хелп», БСН 210840020703, ҚР, Астана қаласы Есіл ауданы Мәңгілік Ел даңғылы, 28 үй, пәтер 40, Тел.: 8 747 773 5969; 8 747 339 81 72, utilecohelp@gmail.com</p> <p>Қоғамдық тыңдау материалдарымен ndbeology.gov.kz сайттан танысуға болады.</p> <p>Ескертулер мен ұсыныстарды «Алматы қаласының қалалық жалпы ортаны дамыту басқармасы» ММ мына мекенжайына жолдауға болады: Zoom конференциясына қосылу: <a href="https://us06web.zoom.us/j/86320544308?pwd=UcCgLeC4rQy6ArUuoXWMSFMOVAjNaz.1">https://us06web.zoom.us/j/86320544308?pwd=UcCgLeC4rQy6ArUuoXWMSFMOVAjNaz.1</a> Идентификатор конференция: 863 2054 4308. Кіру коды: 149256.</p> <p><b>ОБЪЯВЛЕНИЕ</b></p> <p>Общественные слушания в форме открытых собраний проводятся по проекту Раздел «Охрана окружающей среды» к намечаемой деятельности «Установка стерилизатора парового для обеззараживания медицинских отходов». Географические координаты участка: 1. 43.5781695; 77.1339410; 2. 43.5781878; 77.1342712; 3. 43.5779854; 77.1338801; 4. 43.5779819; 77.1342407.</p> <p>Место проведения: Республика Казахстан, Алматинская область, Талгарский район, село Еркин, ул. Школьная, д. 2 «А». Дата и время проведения: 26 марта 2026 года в 15:00.</p> <p>Инициатор: ТОО «Ақкер Групп», БИН: 160540010630, юр. адрес: Казахстан, город Алматы, Алматинский район, улица Шевченко, дом 118, 210. Тел.: +7 747 790 9360, akkergrupp@yandex.ru</p> <p>Составитель проекта: ТОО «Эко-Хелп», БИН 210840020703, РК, г. Астана, р. Есиль, пр. Мәңгілік Ел, д.28, и.п.40. Тел.: 8 747 773 5969; 8 747 339 81 72, utilecohelp@gmail.com</p> <p>С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте ndbeology.gov.kz. Замечания и предложения направлять в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области». Подключение к конференции Zoom: <a href="https://us06web.zoom.us/j/86320544308?pwd=UcCgLeC4rQy6ArUuoXWMSFMOVAjNaz.1">https://us06web.zoom.us/j/86320544308?pwd=UcCgLeC4rQy6ArUuoXWMSFMOVAjNaz.1</a> Идентификатор конференции: 863 2054 4308. Код доступа: 149256.</p>
---	---	--	--	---

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.